С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б.186-187

ЖАЛҒА ЕГУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ СУДЫ ҮНЕМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ

Сеитова Ж.А., Сейтова Ж.А.

Қазақстанның Арал өңіріндегі өсімдік шаруашылығының жағдайына жасалған талдау, оның болашақтағы дамуы су қорларының қатаң шектелуінде және ауылшаруашылығы өндірісіне пайданылатын инвестициялық шығындарға тікелей байланысты болатынын көрсетті.

Сондықтан, бұл жағдайда, аймақтың агроөнеркәсіптік кешенінің даму бағытының негізгі кезеңдері – өңірдегі жер және су ресурстарын пайдалану саясатын өзгертіп, негізгі үлесті күріштен басқа, бәсекеге қабілетті, жергілікті аймақтың азық түлік саласының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін дақылдарға беру (өсімдік шаруашылығын әртараптандыру) арқылы жүзеге асырылуға тиісті.

Өңірдің ауылшаруашылық жүйесінің тұрақты дамуын қаматамасыз ететін, өндірістік шығындарды үнемдеуге бағытталған инновациялық технологияларды кеңінен енгізу мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Бүгінгі күні, күріш жүйелерін тиімді пайдалану үшін, күріш ауыспалы егістігіндегі барлық дақылдарды өсіруге су және ресурс үнемдеуші технологияларды ендіру арқылы өндірістің орнықтылығын арттыру өзекті мәселе болып табылады. Осыған орай қысқартылған немесе кезеңдік суғару тәсілін қолданатын, қазіргі заманда кеңінен пайданыла бастаған, егінді жалға егу технологиясы тиімді технологиялардың бірі болып табылады. Бұл технология дақылдардың себу нормасын төмендетуге, суару мерзімін қысқартуға, сондай-ақ суару суларын үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондықтан, Арал өңірінің күріш суару жүйелерінде дақылдарды жалға егіп өсіру технологиясын ғылыми негіздеу мелиорация саласындағы өзекті болып табылады. [1]

Ғылыми зерттеулер - далалық эксперименттер жүргізуге, күріш ауыспалы егістігінде ауылшаруашылық дақылдарын жалға егу технологиясымен өсіру үрдісіндегі құрылымдық байланыстарды анықтауға негізделген және ол тәжірибелік зерттеулерге қойылатын талаптарды қатаң түрде орындаудың нәтижесінде жүзеге асырылған.

Күріш дақылын өсірудің жалға егу технологиясын жасау мақсатында жүр-гізілген зерттеулерде далалық тәжірибелер төмендегідей нұсқалармен жүргізілді.

Күріш өсірудің жалға егу технологиясын жасау:

–қатар аралығы 25 см, себу мөлшері 100 кг/га, жал ені 70 см және оның биіктігі 16-18 см-тұқымды жалға егу;

–қатар аралығы 25 см, себу мөлшері 150 кг/га, жал ені 70 см және оның биіктігі 16-18 см тұқымды жалға егу;

–СЗН-3,6 сепкішімен кәдімгі шашпа тұқым себу, себу мөлшері 250 кг/га – бақылау нұсқасы.

Ілеспе дақылдарды өсірудің жалға егу технологиясы суарудың оңтайлы режимінде зерттелді. Топырақ ылғалдылығы 80-85% ЕТШЫС-нан төмендетпей суарумен сақталып тұрды. Зерттеу мына сұлбамен жүргізілді:

–сояны жалға егу, ені 70 см, биіктігі 16-18 см, қатар аралық ені 20 см, тұқым себу мөлшері 120 кг/га, 90 кг/га және 60 кг/га;

–соя өсірудегі бақылаушы нұсқа – тұқым себілген жүйектер бойынша суару, себу мөлшері 90 кг/га;

–арпаны жалға егу, ені 70 см, биіктігі 16-18 см, қатар аралық ені 20 см, тұқым себу мөлшері 120 кг/га, 90 кг/га және 60 кг/га;

–арпа өсірудегі бақылаушы нұсқа-тұқым себілген жүйектер бойынша суару, себу мөлшері 90 кг/га;

–рапсты жалға егу, ені 70 см, биіктігі 16-18 см, қатар аралық ені 20 см, тұқым себу мөлшері 6,0 кг/га, 4,5 кг/га және 3,0 кг/га;

–рапсты өсірудегі бақылаушы нұсқа-тұқым себілген жүйектер бойынша суару, себу мөлшері 4,5 кг/га.

Тәжірибелер үш мәрте қайталанып салынды.

Кешенді зерттеулер жүргізу үшін тәжірибе-өндірістік, физика және математикалық моделдеудің негіздегі заманауи әдістер қолданылды, сондай-ақ тәжірибе-өндірістік учаске жоғары дәлдікпен сулық баланстарды зерттеуге және күріш ілеспе дақылдарын өсірудегі агроэкологиялық, техникалық және технологиялық параметрлерді зерттеуге мүмкіндік беретін қажетті жабдықтармен жабдықталды. [2]

Экологиялық қауіпсіз және жоғары тиімділіктегі күріш мелиоративтік агроландшафтыларды жақсартудың бір тәсілі жоғары өнім жасақтауға қабілетті құрғақ дақылдарды өсірудің ресурс үнемдеуші технологияларын енгізу. Оларды күріш ауыспалы егістігіне кіргізу мелиорацияланатын жерлердің суармалау суларын тиімдірек пайдалануына мүмкіндік береді. Күріш егістігінің кезеңдік суға бастырылатын топырақтарының блокты мал азықтық өнімдердің шығуын арттырады. Алдымен бұл, күріш егудің мал шаруашылығы үшін азықтық база жасауымен үндесуіне жағдай жасайды. Осындай аз қуат сыйымдылықтағы дақылдардың бірі соя, арпа және рапс.

Перспективалы шараларға күрішті жалға егу тәсілі де жатады, себебі аталмыш технологияны қолданғанда қалыптасқан жүйемен салыстырғанда су 25%-ға, минералды тыңайтқыштар 20%-ға тұқым 1,7 есеге аз жұмсалады, жанар-жағар май да үнемделеді [3].

Қазақстандық Арал өңіріне аталмыш технологияларды енгізгенде су тапшылығына қарамай күріш егісінің 65-70 мың гектар деңгейінде сақтауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Карлиханов Т.К., Шермагамбетов К., Бакирулы К.Б., Вильгельм М.А. Рекомендации по ресурсосберегающей технологии возделывания риса. – Кызылорда, 2008. – 27 с.

2 .Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. Москва: Колос. – 1979. – 416

3. Материалы регионального семинара «Гребневая технология для производства семян и товарного зерна пшеницы в Центральной Азии» (2-3 октября 2003 г.). – Алматы. – 2003.–С. 3.